

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ  
С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

# СӨЖ

**Кафедра:** Қалыпты физиология кафедрасы, валеология курсы

**Тақырыбы:** Адам организміне қоршаған ортаның  
физикалық, химиялық қолайсыз әсері

**Орындаған:**

**Факультет:**

**Топ:**

**Қабылдаған:**

# Жоспар :

I. Кіріспе.

Денсаулық туралы түсінік.

II. Негізгі бөлім.

Қоршаған ортаның ластануының ,адам денсаулығына әсері .

Физикалық, химиялық қолайсыз әсерлер.

III. Қортынды

Табиғат –адам баласының тіршілік тынысы.

## \*Адам организіміне қоршаған ортаның әсері

*Денсаулық-аурулар және дене кемістігінің жоқтығы ғана емес дененің рухтық және әлеуметтік, психикалық толық аман есендік күйі.*

*Адам денсаулығының негізгі көрсеткіштерінің төмендеуі, көптеген отандас және шетел ғалымдарының негізгі пікірлеріне қарағанда денсаулық туралы ілім жаңалықтарынан адамдардың беймағлұмдығына және немқұрайлығына да байланысты. Сонымен бірге аурудың бірінші деңгейдегі бірегей амалдар жүйесі жұмысының едәуір нашарлауына әкеп соғады. Баршаға мәлім болғандай, медицина ғылым болып туғаннан бері, оның басты мақсаты - адам денсаулығын сақтау және нығайту, ол ауруды емдеу - медициналық доктринаның екінші бөлімін құрастырады деген аңыздарға ден қойсақ, көне шығыс әміршілері денсаулық сақтауды өте дәріптеген.*

*Адам денсаулығы өте көп факторларға тәуелді, ішкі және сондай-ақ сыртқы себептермен бірге әркімнің өзінің және әлеуметтің, мемлекеттің денсаулығына деген кемел, ұтымды да, тиімді көзқарастарына байланысты.*

*Сонымен, денсаулық көп факторларға: мәсіл – тұқым, әлеуметтік-экономикалық, табиғи орта жағдайлары денсаулық жүйесінің даму деңгейі, әсіресе адамның өз денсаулығына деген көзқарасына байланысты болған.*

*Қазіргі кезде табиғаттың қатты ластанғандығынан адамдар әр түрлі ауруларға ұшырап жатыр.*

# \*Ластанудың ең басты себептері өмірдегі қарпайым қолданыс заттары болып табылады.

- \*Өнеркәсіп мекемелері
- \*Жылу жасаушы қондырғылар
- \*Көліктер
- \*Ауыл шаруашылық көздері
- \*Табиғи ластану
- \*Радиоактивті ластанулар

Бұлар атмосфера арқылы ауаға таралып, ауаның құрамын өзгертіп, адамдарға тыныс жолдары арқылы еніп, уақыт өткен сайын ағзаны біртіндеп әлсіретумен болоды. Атмосфераны ластаушылар физикалық күйі бойынша бөлінеді.

- газ тәрізділер[көміртегі, күкірт оксиді]
- күрделі химиялық қосылыстар[шаңдар]
- аэрозольдар

Бұлар ауаға таралып ауаны ластап, халықтың тұрмыс жағдайына әсер етеді.

Атмосфералық ауа газдар  
қоспасынан тұрады, оған кіретіндер:

-азот

-оттегі

-көмірқышқыл газы

-инерттік газдар

Осы көрсетілген антропогендік заттар, су болып табылады.

**Оттегі:** организмде жоғары потенциалдық қысым да қолайсыз әрекет жасайды тыныс органдарының қауіпті зақымдануы пайда болуы мүмкін: пневмония, өкпе ісуі , эпилептикалық сіресу түрі бойынша жүйке жүйесінің зақымдануы мүмкін.

**Көміртек диоксиді:** организмге әрекеті бойынша тыныс орталығын тітіркендіргіш болады, үлкен концентрацияларда наркоздық әрекеті болады, жоғарғы тыныс жолдарының кілегей қабығын және теріні тітіркендіреді.

**Азот оксидтері:** өкпе мен тыныс жолдарын күрт тітіркендіретін ең улы препараттар, олар қабыну үрдістерінің пайда болуына ықпал жасайды. Азот оксидтерінің әсерінен метгемоглобин пайда болады, қан қысымы төмендейді, одан бас айналу , ес аууы, жүрек айну, демігу және жөтел , тұмау, сілекей ағуы болады.



Көміртек оксиді: организмдегі гемоглобин мөлшерін жояды, тіндерде оттегі жетіспеушілігінің себебі болады және жүйке мен жүрек тамыр жүйелерінің бұзылуын болдырады. Жүрек қызметінің жеткіліксіздігі және тыныс органдарының бұзылулары болады, онымен қоса психикалық ауытқулар шақыруы мүмкін.

Атмосфералық ластанудың тұрғындар өмір сүруінің санитарлық жағдайларына әсері:

- тұтыну салдарынан бұлынғыр, тұманды күндер саны көбейеді, жарықтану, УК радиация қарқындылығы азаяды, шаң, күйе және газдар баспаналарға еніп бөлмелер ішіндегі жиһазды, киімді ластайды, жағымсыз иіс болдырады.
- өнеркәсіп шығындылары, өсімдіктерге қолайсыз әрекет жасайды, ауыл шаруашылық дақылдарының шығымы, мал шаруашылығының өнімі азаяды.

Ал суқоймаларының ластануы ,бұл зиянды заттардың суға түсуі нәтижесінде болатын олардың биосфералық функцияларының және экологиялық шаңдарының төмендеуі.

Олардың негізгі ластаушылары:химиялық ластаушылар,қышқылдар,сілтілер,тұздар,мұнай қалдықтары ,фестицидтер,диасциндер,ауыр металдар,фенолдар,аммоний және нитритті азоттар.Физикалық ластағыштар:радиоактивті элементтер,қалқыған қатты элементтер,жылу, орғанолиптикалық түсі.Осылармен ластанған ағынды сулар адамның тұрмыстық немесе өндірістік қызметтерінде қолданылғаннан кейін адам ағзасы біртіндеп химиялық заттармен уланады.Одан адамдардың салдануы мүмкін. Судың химиялық құрамы ауру сананың өсіне белгілі әсер етеді.

**Су** құрамындағы қорғасынның мөлшерінің көбеюі ОЖЖ-ң қан және бүйректің зақымдануы болады. Токсикалық ластаушы талийферментативті процеске әсер етеді. Нәтижесінде адамның басы ауырады, ұйқысы бұзылады, шаршау, гипергидроз дамиды. Ал, бірақ су адам ағзасында жылу реттеуге қатысады: бүйрек, тері, өкпе, ішек арқылы үздіксіз бөлінуінен қоршаған ортаға жылу береді. Судың да ауаның да ағзаға тигізетін әсері өте көп, дегенмен оларды адам өз қолымен барынша жою үстінде, бірақ бұған шек қою мүмкін емес шығар.

Табиғат - адам баласының тіршілік тынысы әрі таусылмас қазынасы. Адам саны артқан сайын табиғат байлықтарын пайдалану еселеп өсіп келеді.

Табиғатты қорғау дегеніміз-табиғат ресурстарын пайдалану барысында оның тиімді жолдарын іздеу, қайта түлету сол сияқты бүліну, ластану жолдарына қарсы бағытталған халықаралық мемлекеттік және қоғамдық ауқымдағы іс шаралар жатады.

Табиғат қорғаудағы негізгі мақсат -оның байлығын тиімді пайдалана отырып, болашақ ұрпаққа қаз-қалпында жеткізу.

Табиғат қорлары сарқылатын және сарқылмайтын болып бөлінеді. Сарқылмайтын қорлар адам баласына тәуелсіз болады.

Соның бірі - су. Сарқылатын қорлар: қалпына келетін және қалпына келмейтін деп жіктелінеді. Олар мұнай қазба байлықтары. Қалпына келетін қорлар өз кезегінде де адамның ақыл ойына тәуелді болады. Олар топырақ, өсімдік, пен жануарлар әлемі.

Табиғатты тиімді пайдалану ұстанымдары: адам баласы табиғатты қорғау үшін оның заңдары мен негізгі ұстанымдарын тиімді де ұтымды пайдалану болып отыр. Табиғатты барынша күтіп, ластамай келешек ұрпаққа сол қалпында тапсыру біздің яғни адамдардың басты мақсаты.

Сондықтан да табиғатты көркейту дамыту, оны барынша қорғау біздің яғни келешек ұрпақтың қолында деп білемін.

# Қолданылған әдебиеттер:

1. Валеология.

Х.Қ.Сәтбаев,Ж.Б.Нілдібаева.

2. Адам және экология журналы.2007жыл.

3. Жалпы гигиена.

Г.И.Румянцев.Е.П.Вишневская.Т.А.Козлова

4. Валеологиядан,экологиядан,гигиенадан дәрістер жинағы.